

ЖШС «Дин-Асыл-2»бөбекжай балабақшасы

Әдістемелік кеңес отырысы

Хаттама №1

Уақыты: 15.09.2025 жыл

Кентау қаласы

Қатысушылар саны: 16 педагог

Тақырыбы: Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау,педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтыруы:

Күн тәртібіндегі мәселелер:

- перспективалық жоспар,циклограмма.
- өзіндік білім көтеру тақырыптары мен жоспарын талқылау;
- портфолио жинақтау;
- 2.Әдістемелік кеңес жұмысы жоспарын таныстыру.
- 3.Жаңадан келген балалардың бейімделуіне жағдай жасау.
- 4.Дидактикалық ойындарға қолданылатын көрнекіліктер
- 5.Балалардың қауіпсіздігі
- 6. Сыбайлас жемқорлыққа іс-шара жоспарымен таныстыру
- 7.Тренинг

8.Ағымдағы мәселелер.

Балабақша әдіскері Жанерке Мұхтарқызы 2025-2026 оқу жылының перспективалық жоспарына сәйкес, №1 әдістемелік кеңес отырысын ашық деп жариялады.Күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырыды. Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау,педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырылуы бойынша тәрбиешіледің және мамандардың перспективалық жоспар мен циклограмма толтыру үлгілерін Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту,орта,арнаулы,қосымша,техникалық және кәсіптік,орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына сәйкес түзу керектігін

ескертіп,үлгісімен таныстырады. Портфолио бойынша тәрбиешілер 2025 жылдан бастап портфолио жинақтау.

Педагог қызметкерлерге әдістемелік кеңес жоспары таныстырылады. Барлық топ тәрбиешілерінен ауыр бейімделіп жатқан бала бар ма? Деп сұрақ қойылды.Тәрбиешілер ауыр емес бірақ 1 айдан асық енді үйреніп жатқан балалардың бар екендігін айтты.Бірінші екінші үшінші күндері балабақшаға түскі сағат 12.00-ге дейін қалдыруға,жақсы көретін ойыншықтарын беріп,және күн тәртібін тамақ уақытын балабақшамен реттеген жөн.Ата-аналармен тығыз байланысып реттеген жөн.Ата-аналармен жиналыстар,дөңгелек үстел,педагогикалық кеңестерге,ойын сауық спорттық іс-шараларға,ертеңгіліктерге шақырған жөн.Педагог-психолог,меңгеруші,әдіскер және медбикемен әрқашан туындап жатқан проблемаларды ашық айтып шешімін табу қажет.

12 топтың тәрбиешілері өздерінің дайындалған көрнекіліктерін таныстырып өтті.Моншақтардан,макароннан,картондардан жасалған қызықты ойындар,ертегі кітаптар,қуыршақтар қолдан жасалған,сандар,жануарлар карточкаларын барлығын таныстырып өтті.Баланың қызуы көтерілген жағдайға хабар беріп,ата-анасына хабар беруді,16жастан кіші балаға баланы үйге қайтармауға,ішімдік ішіп келген үйдің адамы болса баланы қайтармауға анасын шақыруға талап ету.Психолог Акжигитова Ақшолпан апай көңілді тренинг өтті,шар ішінен сұрақтарға жауап берді.

Педагогтарға 2025-2026 оқу жылына түзілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жоспарымен таныстырды.

Сұрақ: Ақылы конкурстарға қатыссақ немесе балалар қатысса жарамды ма ?

Жауап: 514 бұйрыққа сәйкес қатыссаңыздар жарамды.

Шешімі:

1 Озат тәжірбие жоспарын түзу.

2 Байқауларға № 514 бұйрыққа сәйкес қатысу.

3 Балалардың әлеуметтік жағдайын зерделеу.

Әдістемелік кеңес төрайымы:  Мусабеева Б.Н

Хатшы:



 Қалдыбек Ж.М

ЖШС «Дин-Асыл-2»бөбекжай балабақшасы

Әдістемелік кеңес отырысы

Хаттама №2

Уақыты: 24.11.2025 жыл

Кентау қаласы

Қатысушылар саны:16 педагог

Күн тәртібіндегі мәселелер:

- 1.Тәрбиешілермен педагогтарға номенклатураға сәйкес құжаттарын таныстыру.
- 2.Балардың әлеуметтік жағдайын талқылау.
3. Балалардың балабақшаға келуінің пайыздық көрсеткіштері:
4. Біліктілік арттыру курсына баратын тәрбиешілердің және пән мұғалімдерінің тізімі.
5. . Ертеңгіліктердің іс-шаралармен таныстыру,бекіту.
6. Циклограмманың дұрыс түзелуін бақылау.
7. Бақ беттеріне балабақшада атқарылған жұмыстарды жариялау.
8. Сыбайлас жемқорлыққа іс-шара жоспарының орындалуы.
9. Ағымдағы мәселелер

Балабақша әдіскері Жанерке Мұхтарқызы қатысушыларды тіркеді.

Номенклатураға сәйкес құжаттарды толтыру бойынша түсіндірме жұмыстарын айтып өтті.

Табель толтыру,баланың денсаулық дәптері,ата-аналар туралы мәлімет,ай сайынғы бала тізімі,ата-аналар жиналысының хаттамасы,баланың жеке құжаттарына сәйкес қажеттілігіне қарай толтырып отыру ұсынылды. Балардың балабақшаға қатысу қыркүйек-87%пайыз,қазан айында-92%пайыз,қараша айында -95%пайыз,көрсетіп отыр.Барлық бала саны 290,әр топта 25-20 баладан жасақталған.Біліктілікті арттыру курсына 2025-2026 оқу жылында баратын тәрбиешілер Бекбергенова С,Ташпенова Ұ,Юнусова Р,Тұрсынқожа З,Абудугалиева Д Каппарова А,Бейсембі З екендігі анықталды.

Тәуелсіздік күні және жаңа жыл мерекелеріне ертеңгіліктер, сурет көрмесі, ашық іс-әрекеттер өткізу туралы тапсырмалар берілді. Циклограмманы күн тәртібіне сәйкес 10,30 сағатқа шақтап жазылу керектігін тағы қайтара ескертті. Бақ беттеріне ай сайын іс-әрекеттер, спорттық сайыстар, ертеңгіліктерді, озат тәжірбиелерді жариялауды ұсынды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шара жоспары ата-аналарға және қызметкерлерге жиналыс барысында түсіндіріліп, брошура таратылғандығын айтып өті

Әдістемелік кеңес төрайымы:



Мусабаева Б.Н

Хатшы:

Қалдыбек Ж.М

ЖШС «Дин-Асыл-2»бөбекжай балабақшасы

Әдістемелік кеңес отырысы

Хаттама №3

Уақыты: 12.01.2026 жыл

Кентау қаласы

Қатысушылар саны:15 педагог

Күн тәртібіндегі мәселелер:

- 1.Біліктілік санатын алған тәрбиешілерді анықтау.
- 2.Қыс мезгіліндегі сауықтыру шараларын түзу бекіту.
3. Балалардың қауіпсіздігі туралы іс-шара жоспары.
4. Ортаңғы топтарда дидактикалық ойындарды қолданудың тиімділігі
.Баяндама
5. Дамытушы ортаның жасақталуын бақылау.
6. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жұмыстары.
7. Ертеңгіліктерге талдау жүргізу.
8. Көрнекіліктер жасау.
9. 5 жастағы балардың даму дағдыларын дамыту.Баяндама
- 10.Ағымдағы мәселелер

Балабақшаның әдістемелік кеңес әдіскері Жанерке Мұхтарқызы ашық деп жариялады.Күн тәртібімен таныстырды.Биылғы 2025-2026оқу жылында күзде біліктілік санаттарын растау болмағандықтан,біліктілік санатын алған педагог жоқ екендігін айтып түсіндірді.Қыс мезгіліндегі сауықтыру шаралары бойынша топтарға балалармен шанамен сырғанау,аққала жасау,таза ауада тынысалу жаттығуларын жасауға кеңес берді.Балалардың қауіпсіздігі туралы тоқсан сайын төтенше жағдай бөліміне сел жаттығулар,өртке қарсы жаттығулар,жер сілкінісіне қарсы жаттығулар жасалып 3 папкаға құжат өткізіліп жатқандығын,балалар жаттығу жасап үйренгендігін айтып өтті.Ортаңғы топтарда дидактикалық ойындарды қолданудың тиімділігі тақырыбында баяндамасын әдіскер оқып шықты.Дамытушы ортаның жасақталуы туралы слайдтар фото суреттер,бейне таспа көрсетті,және өз балабақшамызбен салыстыру

Әр аптаның сәрсенбі күні көрнекілікті тәрбиешілер қолдан жасау ұсынылды.

Тәрбиешілер сұрақ қойды:

- Шешімі:

- Әдістемелік кеңес төрайымы:**

Мусабаева Б.Н

Хатшы:

Қалдыбек Ж.М

ЖШС «Дин-Асыл-2»бөбекжай балабақшасы

Әдістемелік кеңес отырысы

Хаттама №4

Уақыты: 15.03.2026 жыл

Кентау қаласы

Қатысушылар саны: 15 педагог

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Ұлттық біліктілікті тестілеуден өтетін тәрбиешілермен педагогтардың тізімін анықтау.

2. Мерекелерге сай топтарды безендіру, іс-шара жоспарын бекіту.

3. Қалалалық, Республикалық сайыстарға қатысу, ықпал жасау.

4. «Қош келдің Әз-Наурыз!» іс-шарасын бекіту, талқылау.

5. Номенклатураға сәйкес құжаттардың дұрыс жүргізілуін бақылау.

6. Баланың құқығы қалай қорғалады

7. Ағымдағы мәселелер

Балабақша әдіскері Жанерке Мұхтарқызы кезекті әдістемелік отырысын ашық деп жариялады. Күн тәртібіндегі мәселемен педагогтарды таныстырды. Ұлттық біліктілік тестіне баратын педагогтар 2025-2026 оқу жылында Бекбергенова С, Ташпеннова Ұ, Юнусова Р, Тұрсынқожа З, Абдигалиова Д портфолио 15 қосымшаға сәйкес жинақтау керектігін айтып түсіндірді.

Мерекелерге сай топты безендіру, жас ерекшелігі мерекеге сәйкес жүргізілуі тиіс. Кентау қалалық білім бөлімінен келіп түскен байқауларға, 514 бұйрыққа сәйкес қатысу ұсынылды. «Қош келдің Әз-Наурыз» мерекесі барлық ортаңғы, ересек, мектепалды топтарда өткізіледі. Номенклатураға сәйкес құжаттарды толтыру таныстырылды.

№ 130 бұйрыққа сәйкес тәрбиешілердің құжаттары циклограма, перспектива, жеке даму карталары, номенклатура бойынша құжаттар бөлек толтырылды. Баланың құқығы қалай қорғалады тақырыбында баяндамасын оқыды. Балалардың құқығы ең бірінші орында болуы керек, бала құқығын таптаған педагог міндетті түрде заң аясында жауап береді. Балабақшада 100 пайыз бейне бақылау мен қамтамасыз

етілген, ыстық тамақ үш мезгіл, ата-аналармен келісім шартқа тұрған. Балаларға мерекелерге арналған костюмдерді толықтыру, топтарда дамытушы ойындарды картондардан жасау, қазақы бұрыштарды, ұлттық ойындардың көрнекіліктерін көбейту.

Шешімі:

1. Ұлттық ойындар көрнекіліктерін көбейту.
2. Бала санының толықтығын, құжаттарын толықтыру.
3. Мектепке кететін балалардың тізімін жинақтау.

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Мусабаева Б.Н

Хатшы:

Қалдыбек Ж.М



ЖШС «Дин-Асыл-2»бөбекжай балабақшасы

Әдістемелік кеңес отырысы

Хаттама №5

Уақыты: 30.05.2026 жыл

Кентау қаласы

Қатысушылар саны:15 педагог

Күн тәртібіндегі мәселелер:

- 1.Жазғы оқу кестесін түзу,ұсыну пікірлер қарау.
- 2.Күн тәртібінің дұрыс орындалуы.
3. Мектепке кететін балалардың тізімін анықтау.
4. Мектепке даярлығын бақылау.
5. Жаңадан қабылданатын балалардың тізімін жасақтау.
6. Қауіпсіздік шаралары туралы ата-аналарға брошура тарату.
7. Ағымдағы мәселелер

Бірінші мәселе бойынша жазғы сауықтыру жоспарын түзіп таныстырды. Күн тәртібінің орындалуы ескертілді.Мектепке кететін бала тізімі 100 бала , барлық бала мектепке дайын екендігі анықталды. Жаңадан келетін балаларға өтініш жазып бұйрықпен қабылданады.Қауіпсіздік шаралар туралы ата-аналарға брошура таратылсын.

Ең бірінші кезекте баланың денсаулығы, балалар арасында ұрыс жанжал туындаса ойыншыққа таласса , топтағы ойыншықтарды басқа топтан алмастыру керек. Ата-аналармен дұрыс қарым-қатынас орнату қажет, баланың өміріне, тәрбиесіне педагог та ата-ана да жауапты. Қиын бейімделетін балалар болса педагог-психолог маманға әдіскерге меңгерушіге хабар берілсін, жүйелі жұмыс жүргізілсін.

Жазғы сауықтыру жоспары бойынша уақытылы орындалсын, таңғы жаттығу,ойындар дамытушы ойындары дұрыс ұйымдастырылсын.

2025-2026 оқу жылына кіші топқа 2024ж балалар қабылданады, ортаңғы топқа 2023ж балалар, ересек топқа 2022ж балалар, мектепалды топқа 2021ж балаларды қабылдаймыз.

Бала қабылдау үшін медосмотр 026, анықтама 065, анықтама 027
формаларын, сурет $\frac{3}{4}$ 2 данасын, өтініш, туу туралы куәлік қабылданады.

Шешімі:

- 1.Балалардың құжатын қабылдау.
- 2.Топтарды жас ерекшелігіне сәйкес жасақтау.

Әдістемелік кеңес төрайымы



Мусабаева Б.Н

Хатшы:

Қалдыбек

Қалдыбек Ж.М